

**№7 Хромтау мектеп-гимназиясы (жанындағы мектеп-интернатымен) КММ  
Педагогикалық кеңес отырысының ХАТТАМАСЫ № 5**

Өткізілу күні: 24 мамыр 2022 ж  
Уақыты: 10:00

Қатысушылар – мектеп ұжымы

Кеңес төрағасы: Культаева Э.К.  
Хатшы: Байдуллаева А.Б.

**Күн тәртібінде:**

1. 2021-2022 оқу жылының қорытынды білім сапасының мониторингі. Білім стандартының орындалуы. Оқу ісінің орынбасары: Абдуллина А.Б.
2. «2021-2022 оқу жылының аралық емтиханынан босату және қорытынды аттестаттауға жіберу туралы» бұйрықпен таныстыру. Оқу ісінің орынбасары: Абдуллина А.Б.
3. 2021-2022 оқу жылының МДТ және бастауыш буын бойынша қорытынды білім сапасының мониторингі. Білім стандартының орындалуы. Оқу ісінің орынбасары: Махамбетов Қ.И.
4. Жазғы мектептің жұмыс жоспарымен таныстыру. Оқу ісінің орынбасары: Махамбетов Қ.И.
5. Білім алушылардың жазғы демалысын сапалы ұйымдастыру. Жазғы каникул кезіндегі қауіпсіздік ережелері. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсембай А.Қ.
6. 2022-2023 оқу жылына Білім алушылардың міндетті мектеп формасының үлгілерін ұсыну. Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары: Дүйсембай А.Қ.
7. «Дарынды оқушы – ұлт болашағы». Оқу ісінің орынбасары: Махамбетов Қ.И.
8. Мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарының жүзеге асуы. Оқу ісінің орынбасары: Махамбетов Қ.И.
9. Мектептің материалдық базасын нығайту, жаңа оқу жылына дайындық жұмыстарын жүргізу. Шаруашылық жөніндегі орынбасары: Сермағамбетова К.

**Тыңдалды:**

1. Бірінші мәселе бойынша Оқу ісінің орынбасары А.Б.Абдуллина ақпарат берді.

2021-2022 оқу жылында 1-11 сынып аралығында жыл соңындағы контингент 495 оқушыны құрады. Қазақ сыныбындағы оқушылар саны – 471, орыс сыныбындағы оқушылар саны – 24. Барлығы – 23 класс. Соның ішінде, 5-9 класстар арасындағы білім сапасы 54%, 10-11 класстар бойынша білім сапасы 58%-ды құрады.

Сыныптар бойынша ең төменгі білім сапасын 8ә класс – 42%, 7ә класс – 44%, 6ә класс- 50% көрсетіп отыр.

Жоғары және орташа білім сапасын көрсеткен 11 класс – 73%, 9а класс- 64%, 6а класс – 60% болды.

Жалпы білім сапасы – 57%. 2020-2021 оқу жылымен салыстырғанды 7% -ға (64%-дан) төмендеген. 107 – оқу озаты, 129- оқу екпіндісі бар.

2. Екінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары А.Б.Абдуллина 2022 жылдың 24 мамырындағы «Оқу жылының аяқталуы және білім алушыларды сыныптан сыныпқа көшіру» туралы №48 н/қ бұйрығымен таныстырды.

9 (10) сынып білім алушыларының қорытынды бітіру емтихандары – 2022 жылғы 28 мамыр – 6 маусым аралығы;

3) 11 сынып білім алушыларының мемлекеттік бітіру емтихандары – 2022 жылғы 27 мамыр – 10 маусым аралығы.

3. Үшінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Қ.И.Махамбетов ақпарат берді.

2021-2022 жылы мектепалды екі даярлық тобы білім алды. Мектепалды даярлық тобының 0 «А» сыныбында 24 оқушы бар. Оның ішінде 14 ұл, 10 қыз бала. Сауат ашу пәні бойынша көрсеткіштер: әріп танытын оқушылар 50%, буындап оқиды – 42%, әріпті ішінара таниды – 8%. Математика пәні бойынша көрсеткіштер: тура, кері санайды, есеп шығарады – 69%, есептеу және санау қабілеті төмен оқушылар – 31%.

Мектепалды даярлық тобының 0 «Ә» сыныбында 14 оқушы бар. Оның ішінде 9 ұл, 5 қыз бала. Сауат ашу пәні бойынша көрсеткіштер: әріп танытын оқушылар 35%, буындап оқиды – 43%, әріпті ішінара таниды – 22%. Математика пәні бойынша көрсеткіштер: тура, кері санайды, есеп шығарады – 71%, есептеу және санау қабілеті төмен оқушылар – 29%.

2021-2022 оқу жылында 2-4 класс аралығында барлығы 224 оқушы білім алды. Жалпы білім сапасы – 61%.

Оның ішінде, төмен білім сапасын көрсетіп отырған 2ә класс – 52%, 3а класс – 58%, 3ә класс – 43%.

Салыстырмалы түрде жоғары білім сапасын көрсетіп отырған 3ә класс – 67%, 4а класс – 66%, 4ә класс – 65%.

4. Төртінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Қ.И.Махамбетов ақпарат берді.

Қазақстан Республикасының Білім және Ғылым министрлігінің 2021 жылғы «26» мамырдағы №240 бұйрығына қосымша, ақтөбе облысы білім басқармасының 17.05.2022 жылғы № 2/2027 шығыс хаты негізінде 2022 жылдың 26 мамыр – 17 маусым күндері аралығында оқу сапасын арттыру, білім алушылардың, оның ішінде үлгерімі төмен білім алушылардың біліміндегі олқылықтарды қалпына келтіру және білімін толықтыру мақсатында жазғы мектеп ұйымдастырылатын болады.

«Жазғы мектеп» бойынша 1 класс – 14 білім алушы, 3 класс – 18 білім алушы, 5 класс – 20 білім алушы, 6 класс – 22 білім алушы, 8 класс – 21 білім алушы қатысатын болады.

Жазғы мектеп білім алушыларының оқу жетістіктері бағаланбайды, жазғы мектеп жағдайында үй тапсырмасы берілмейді. Жұмыс жоспары мен сабақ кестесі бекітіледі.

5. Бесінші мәселе бойынша тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ.Дүйсембай ақпарат берді. Демалыс уақытында сақталуы қажет қауіпсіздік ережелерінің нұсқаулығымен таныстырды. Нұсқаулыққа сәйкес, білім алушылар жазғы каникул кезінде есте сақтау қажет:

Санитарлық – эпидемиологиялық режимнің және карантиндік шаралардың сақталуы;

Жол қауіпсіздік ережелерін (ЖҚЕ), өрт қауіпсіздік ережелерін (ӨҚЕ) сақтау;

Су қоймаларындағы және су айдындарындағы жазатайым оқиғалардың алдын – алу;

Жыныстық қол сұғылмаушылық;

Теміржол көлігін пайдалану кезінде және теміржолда болған кезде;

Табиғат аясында серуендеу кезінде; адамдардың жаппай демалу орындарында;

Жануарлармен қарым – қатынас кезіндегі қауіпсіздік;

Тракторлы бригадаларға, гараждарға, қараусыз және көп қабатты ғимараттарға үлкендердің еріп баруынсыз баруға қатаң тиым салу;

Жол қозғалыс ережелерін (ЖҚЕ), өрт қауіпсіздік ережесін (ӨҚЕ) қадағалау.

Алкогольдік сусындарды (сыра, энергетик), темекі өнімдерін қолданбау.

Қоғамдық орындарда қоқыс тастамау.

Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау ережелерін сақтау.

Су объектілерінің жанында болған кезде, мұз үстінде жүру ережелерін сақтау.

Белсенді еріту кезеңінде мұзға шығуға тыйым салынады.

22 сағаттан кейін ата-аналарының (заңды өкілдерінің) еруінсіз көшеге шығуға тыйым салынады. Мінез-құлық мәдениетін сақтау(кішіпейіл болу, сыпайы сөздерді қолдану, үлкендерді сыйлау).

Көшеде, жолдан өту кезінде мұқият, мұқият болу керек

Электр құрылғыларына қол тигізгенде абай болу, теледидарды, электр үтікті, шайнекті және т.б қосу және өшіру кезінде қауіпсіздік шараларын сақтау.

Газ құрылғыларын пайдалану кезінде қауіпсіздік техникасын сақтау;

Теледидарды көргенде, телефонды қолданғанда және компьютерде жұмыс жасағанда уақыт кестесін сақтау;

Таныс емес сайттарға кіруге болмайды. Ересектердің қадағалауынсыз ешқашан Интернеттен таныс адамдармен кездеспейсіз.

Сіз көшедегі бейтаныс адамдармен сөйлесіп, оларды үйге кіргізе алмайсыз.

Сіз үлкендердің (ата-анасыз, мұғалімсіз, ересек туыстарыңызсыз) біреудің көлігіне отыра алмайсыз.

Сіз бейтаныс адамдардың сыйлықтарын қабылдай алмайсыз және олардың үйіне немесе басқа жерге бару туралы ұсыныстарымен келісе алмайсыз.

Көшеде жалғыз қалуға болмайды, әсіресе қараңғы түскеннен кейін.

Егер үйде үлкендер болмаса (бейтаныс адам су сұрай алады, телефон арқылы қоңырау шалуға рұқсат сұрай алады, ата-анасына ескерту жаза алады, құжаттарды тапсыра алады), сіз пәтердің есігін аша алмайсыз.

Сіз «тәуекел тобымен» (маскүнемдер, маскүнемдер, нашақорлар, сотталушылар және т.б.) байланыса алмайсыз, олар көршілері немесе алыс туыстары болса да.

6. Алтыншы мәселе бойынша әрбие ісі жөніндегі орынбасары А.Қ. Дүйсембай міндетті мектеп формасының үлгісімен таныстырды. Міндетті мектеп формасының үлгісі 23.05.2022 жылы өткен Қамқоршылық кеңестің отырысы негізіндегі №4 хаттама шешімі негізінде ұсынылды.

2022-2023 оқу жылына арналған №7 Хромтау мектеп-гимназиясының міндетті мектеп формасына қойылатын талаптар: мектеп формасы, қыз балалар үшін: классикалық үлгідегі ақ жейде, ұзындығы тізеден 5 см жоғары немесе төмен қара түсті белдемше; ер балалар үшін: классикалық үлгідегі ақ жейде, қара түсті классикалық үлгідегі шалбар. Ауа-райы суық мезгілдерде қара түсті пиджак немесе тоқылған кеудеше киюге болады. Спорттық форма: ақ түсті футболка және қара түсті трико, табаны ақ спорттық аяқ киім.

7. Жетінші мәселе бойынша оқу ісінің орынбасары Қ.И.Махамбетов «Дарынды бала – ұлт болашағы» тақырыбындағы баяндама жасады.

2021-2022 оқу жылы мектеп-гимназия оқушылары аудандық, облыстық, республикалық пәндік олимпиадалар мен зияткерлік сайыстардан орын алды. Соның ішінде ерекше атап өтуге болатын, республикалық пәндік олимпиада ІІІ жүлдегері, Қанипа Бітібаева атындағы республикалық олимпиадасының ІІ орын иегері 10 класс оқушысы Сәндіғали Сәнгүл, ІІ Республикалық «Мәшһүр-Жүсіп» оқуларының Бас жүлдегері 11 класс оқушысы Асылбекова Ақнұр, 5-6 класс оқушылары арасындағы республикалық пәндік олимпиаданың жүлдегері 5 класс оқушысы Алмас Тамирис.

Дарынды оқушыны-дарынды ұстаз ғана дайындай алады. Оқушы дарындылығының дамуы, қабілетінің ашылуы- педагогтың тұлғалық қасиеттеріне, кәсіби біліктілігіне тікелей байланысты. Алдағы уақытта дарынды балаларды анықтаумен олардың қабілеттерін жан-жақты дамыту жұмыстарын жандандыру қажет.

8. Сегізінші мәселе бойынша оқу ісі жөніндегі орынбасар Қ.И.Махамбетов мемлекеттік қызмет көрсетудің стандарттарын жүзеге асыру бойынша ақпарат берді.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіліміне сәйкес «№7 Хромтау мектеп-гимназиясы» КММ-сі төмендегі мемлекеттік қызметтерді көрсетеді:

Бастауыш, негізгі ортта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан, білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау;

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйыстарына денсаулығына байланысты ұзақ уақыт бойы бара алмайтын балаларды үйде жеке тегін оқытуды ұйымдастыру үшін құжаттар қабылдау;

Жалпы білім беретін мектептердегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарын тегін және жеңілдікпен тамақтандыруды ұсыну;

Мемлекеттік білім беру мекемелеріндегі білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жекелеген санаттарына қала сыртындағы және мектеп жанындағы лагерьлерде демалуы үшін құжаттар қабылдау және жолдама беру;

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдары арасында балаларды ауыстыру үшін құжаттарды қабылдау;

Негізгі орта, жалпы орта білім беру туралы құжаттардың телнұсқаларын беру.

9. Тоғызыншы мәселе бойынша шаруашылық жөніндегі орынбасары К.Сермағамбетова мектеп-гимназияның ағымдағы материалдық-техникалық базасының жай-күйіне тоқтала отырып, ағымдағы жөндеу жұмыстарының барысы туралы ақпарат берді. Мектеп ғимараты күрделі жөндеуді талап етпейді, кабинет меңгерушілері тарапынан санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау қажет.

#### Шешім:

1. Білім сапасын көтеру мақсатында бір пәннен «3», «4» -ке шыққан оқушылармен қосымша жұмыстар жүргізу, сабақтарға қатысу қадағалауға алынсын.
2. Үлгерімі төмен оқушылармен жұмысты жандандыруда мектеп әкімшілігі, класс жетекші және ата –ана арасындағы байланысты нығайту жұмыстарының жүргізілуі бақылауға алынсын.
3. Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін белсенді оқыту мен оқу тәсілдерін тиімді пайдалану жолға қойылсын.
4. «Жазғы мектепте» білім алуға өтініш білдірген оқушылар тізімі, жұмыс жоспары мен кестесі жасалып, ұйымдастырылсын.
5. «Жазғы мектеп» жұмысының жоспарға сай жасалынуы оқу ісі орынбасарлары тарапынан бақылауға алынсын.
6. Міндетті мектеп формасы бекітіліп, ата-аналар мен білім алушылар назарына ұсынылсын.
7. Балалардың жазғы каникул кезіндегі өмір қауіпсіздігіне баса назар аударылсын.
8. Өмір қауіпсіздік ережелерімен, нұсқаулықтары қатаң сақталсын.
9. Мектеп-гимназияның материалдық-техникалық базасын нығайту, алдағы оқу жылына дайындық жұмыстары жоспарға сай жүзеге асырылып, қадағалансын.

№7 Хромтау мектеп-гимназия директоры:  
Хатшы:



Э.К. Культаева  
А.Б. Байдуллаева